


/ Келісілді:   
Қамқоршылық кеңес төрайымы К.Т.Нуржанова

**«Мамай аулының негізгі орта мектебі» КММ 2023-2024 о.ж.  
«Қамқоршылық кеңесінің» жұмыс жоспары**

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Орындаушы
<b>I. Ұйымдастыру жұмыстары</b>			
1	Қамқоршылық кеңесін құру, мүшелерін бекіту, бұйрық шығару	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, белсенді ата- аналар, демеушілер
2	Кеңес мүшелерінің атқаратын қызметтерін белгілеу		Кеңес төрағасы
3	Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайларын анықтау		Кеңес мүшелері Мектептің әлеуметтік педагогы Ахметкалиева Қ.Ж.
4	Көмекке мұқтаж жанұяларды анықтау, зерттеу жұмыстарын жүргізу		
5	Мектептің, шағын орталықтың әлеуметтік картасымен танысу		
6	Жетім, жартылай асыраушысынан айырылған отбасы, әлеуметтік жағдайы төмен, аз қамтылған отбасы балаларының үй – тұрмысы жағдайымен танысып, зерттеу актісін жасау		
7	Мектептегі даму мүмкіндігі шектеулі, мүгедек және инклюзивтік бағдарламамен оқып отырған балалармен танысу	Жоспар бойынша (анықталған жағдайда)	Кеңес мүшелері

8	Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу	Тоқсанына бір рет	Кеңес төрағасы Қ.Б.Баядилов
9	Мектепте өткізілетін қамқорлық акцияларына қатынасу, демеушілік көмектер ұйымдастыру	Жоспар бойынша жыл бойы	Кеңес мүшелері
<b>II. Қосымша атқарылатын жұмыстар</b>			
1	1. Оқу тәрбие жүйесін жақсарту мақсатында көмек көрсету 2. Мектеп алаңын көгалдандыру, санитарлық тазалық бойынша жұмыс атқаруға көмек көрсету.	Қазан	
2	1. Мектепішілік, шағын орталық іс-шараларына қатынасу	Жыл бойы	
3	Мектепішілік ата-аналар жиналысына қатысу	Жыл бойы	
4	Мектеп алаңын көгалдандыру жұмыстарына көмектесу	Сәуір	
5	1. 9 сынып оқушыларын орналастыру жұмыстарына бақылау жасау, үздік оқушыларды марапаттауға ат салысу 2. Қамқоршылық кеңесі отырысы қорытынды 2024-2025 оқу жылына жоспар әзірлеу	Маусым	
<b>III. Бақылау, тәжірибе, рейд жасау</b>			
1	Полиция бөлімінде, наркология және психикалық аурулар диспансерінде есепте тұрған ата-аналары бар оқушылармен кеңестер өткізіп, бақылауда ұстау, үй тұрмыс жағдайына рейд жүргізу	Жоспар бойынша (анықталған жағдайда)	Кеңес мүшелері

2	«Сәтсіз отбасы», «қиын балалар» тізімін жасау, зерттеу жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Кеңес мүшелері
<b>IV. Тексеру, есеп беру жұмыстары</b>			
1	«Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру» (ЖБМОББ) қоры қаражаты есебінен мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуын және киімге бөлінген материалдық көмектің дұрыс жұмсалуды қадағалау	Жыл бойы	Кеңес мүшелері
2	Қамқоршылық кеңес мүшелері үшін мектепте ашық есік күнін ұйымдастыру	Әр жарты жыл сайын	Мектеп әкімшілігі, кеңес мүшелері
<b>V. Қоғамдық жұмыстар</b>			
1	«Сенім телефоны» және «сенім жәшігі» жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл бойы	Мектеп психологы Кеңес мүшелері
2	Мектепке демеушілік көмек көрсеткен азаматтардан түскен қаражатты немесе мүлікті рәсімдеу, хаттамалау		Кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі

**«Мамай аулының негізгі орта мектебі» КММ 2023-2024 о.ж.  
«Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің құрамы**

№	Қамқоршылық кеңес мүшелерінің аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Атқаратын лауазымы	Мекен-жайы тел.номеры
1	Нуржанова Калипа Глеутаевна	1967	ҚК төрайымы ЖШС жетекшісі	Мамай а. 87055983392
2	Ахметкалиев Амангелды Сайлаубаевич	1966	Кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер	Мамай а. 87764335981
3	Хибай Лиза	1963	Кеңес мүшесі, ата-ана	Мамай а. 87057833440
4	Кожяхметова Айнаш Казбековна	1987	Кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер	Мамай а. 87055983392
5	Тукенова Алия Сагадатовна	1980	Кеңес мүшесі, ата-аналар комитетінің төрайымы	Мамай а. 87054290329
6	Оспанова Раушан Сериковна	1971	Кеңес мүшесі, ата-ана	Мамай а. 87762705624
7	Нисмельдинова А.Б.	1991	Кеңес мүшесі, Мамай а. әкімшілігінің бас маманы	Мамай а. 87716051313

**«Мамай аулының негізгі орта мектебі» КММ 2023-2024 о.ж.  
«Қамқоршылық кеңесі» мүшелерінің атқаратын қызметтері**

**I. Қ.К.Т.Нуржанова-кеңес төрайымы, «Ерлан» ЖШ жектешісі**

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысын жүргізу
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелеріне атқаратын тапсырмаларды анықтап бөлу және оны міндеттеу
3. Кеңестің отырысын белгілеу, өткізу.

**II. А.С.Ахметкалиев –кеңес мүшесі, «Сайлаубаев»ЖШ жетекшісі  
Кожаметова А.К. – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер**

1. Мектепте «Мектепке жол» акциясы кезінде қамқорлық жұмыстарын ұйымдастыру, материалдық көмек көрсету.
- 2.Мектептің материалдық- техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көркейту.
- 3.Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру

**III. Хибай Лиза, Нисмельдинова А.Б., Оспанова Р.С., Тукенова А.С.-  
кеңес мүшелері, ата-аналар**

- 1.Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау
2. Мектеп мұғалімдерінің жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау
- 3.Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлік әулетін күшейту
- 4.Мектептегі аз қамтылған, көп балалы, жетім, жартылай жетім отбасыларындағы оқушыларға материалдық көмек көрсету, оқумен қамтылуын қадағалау.
- 5.Мектеп өміріне ата-аналар кеңесі мүшелерін жұмылдыру.
- 6.Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру

**«Мамай аулының негізгі орта мектебі» КММ 2023-2024 о.ж.  
«Қамқоршылық кеңесі» отырыстарының жұмыс  
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты адам
1	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қ.Р Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2017 жылғы №355 Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу</li> <li>2. 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің тізбесін қалыптастыру, мүшелеріне атқаратын қызметтерді бекіту</li> <li>3. Өткен 2022-2023 оқу жылындағы «Қамқоршылық кеңесінің» атқарылған жұмысына есеп беру, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған «Қамқоршылық кеңесінің» жұмыс жоспарын бекіту.</li> <li>4. Барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектептің жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы</li> <li>5. «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпарат. Акция барысында көрсетілген қайырымдылық көмек туралы есеп.</li> </ol>	Қыркүйек	<p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>мектептің шаруашылық басшысы ТІМ Т.Қуат</p>
2	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет</li> <li>2. Оқытудың жаңартылған мазмұны. «Күнделік» электронды мектеп журналдарын ұстау, критериялды бағалау жүйесі туралы қосымша білім беру ерекшеліктері аясындағы мәлімет</li> <li>3. Білім алушылармен тәрбиеленушілердің ыстық тамақпен қымтылуы</li> <li>4. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы ( мектеп формасы, мектепке алып кіруге тиым салынған заттарға жүргізілген рейдтардың қорытындысы)</li> </ol>	Қаңтар	<p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>ОІМ Е.Хойчбай</p> <p>Педагог ұйымдастырушы А.Шабарова</p> <p>Педагог ұйымдастырушы К.Ахметкалиева</p>

3	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет</li> <li>2. Мектептің әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, оқушылардың денсаулығын сақтау үшін атқарылған іс-шаралар есебі</li> <li>3. Мектептің материалдық базасын дамыту үшін берілген заттарды пайдалануы туралы есебі</li> </ol>	Наурыз	<p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>Мектептің әлеуметтік педагогы К.Ахметкалиева</p> <p>Мектеп директоры С.Т.Рамазанова</p>
4	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайлы мәлімет</li> <li>2. Мектеп бітіруші түлектердің қорытынды аттестаттау</li> <li>3. Оқушылардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қамқорлыққа мұқтаж оқушыларды сыртқы және мектеп жанындағы лагерьге қамтылуы жайында мәлімет</li> <li>4. «Қамқоршылық кеңесінің» жылдық жұмысының қорытындысы</li> </ol>	Маусым	<p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p> <p>ОІМ Е.Хойчбай</p> <p>ТІМ Т.Қуат</p> <p>Кеңес төрайымы Нуржанова К.Т.</p>

Мамай ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Күні: 13 қыркүйек 2021 жыл

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі:

1. Жаз айларында атқарылған жұмыстардың есебі
2. 2021-2022 о.ж. қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту
3. Жаппай Біліммен Қамту сұрақтары
4. Әр түрлі

Тыңдалды: **Рамазанова С.Т.** – мектеп директоры, оқушылардың жазғы демалысында өткізілген жұмыстар туралы тоқталды. 1-8 сыныптар үшін оқу жылында жіберілген оқшылықтарды жою және білім сапасын көтеру мақсатында 1-20 маусым 2021 жыл аралығында «Жазғы мектеп» жұмыс істеді, онда 21 оқушы қамтылды. Қосымша сабақтар жүргізілді. Сондай-ақ, 5-8 сыныптармен /7 оқушы/ мектеп маңын көгалдандыру мақсатында жасылдандыру бригадасы ұйымдастырылды, оқушылар гүлдерді суарып, күтті. Бастауыш сынып оқушыларымен /12 оқушы/ «Айгөлек» ойын алаңы үш ауысымда жұмыс істеді. Кішкентай бүлдіршіндер ойын ойнап, табиғатқа саяхатқа шығып тұрды.

**Исмаилова М.К.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелерінің құрамы бойынша өзгеріс жоқ екенімен және кеңес мүшелерін «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
5. Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
6. ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.
7. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
8. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Кеңестің 2021-2022 о.ж. арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Онда жыл бойынша 4 отырыс жоспарланған. Сондай-ақ, мерекелік іс-шараларға



Жаңа Жыл, 8 Наурыз, Наурыз мерекелеріне қатысу жоспарланғанын айтты. Кеңес мүшелері жоспармен танысып, бекітуге ұсынды.

**Мусабаева Г.К.** – оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі, Жаппай Біліммен Қамту сұрақтарына тоқталды. Мектеп бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылары жоқ, көп балалы отбасынан 8 оқушы, барлық оқушылар мектеп асханасында бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Биылғы оқу жылы 1-сыныпқа қабылданған оқушылар жоқ, оқушылардың тамақтануына «Ерлан» ЖШС демеушілік көмек көрсетеді. Олармен мектеп арасында меморандум жасалды, «Ерлан» ЖШС азық-түліктей көмек көрсетті, атап өтсек, ұн – 50 кг, өсімдік майы – 5 л.

Шешімі:

- 2021-2022 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін;
- Оқушылардың тамақтануы басты назарда ұсталсын;

Кеңес төрайымы:  М.Исмаилова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Мамай ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі отырысының №2 хаттамасы

Күні: 24 желтоқсан 2021 жыл

Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылының I ж/ж атқарылған жұмыстар есебі
2. Жаңа Жыл мерекесі
3. Әр түрлі

Тыңдалды: **Рамазанова С.Т.** – мектеп директоры, кеңес мүшелері алдында оқу жылының I ж/ж атқарылған жұмыстарға тоқталды. Қыркүйек айында тілдер мерекесіне арналған іс-шаралар өтті, Республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында ауылымыздағы «КазБиф ЛТД» ЖШС білім күніне көп балалы және толық емес отбасы балаларына жалпы соммасы 120 мың т. көлемінде ақшалай демеушілік жасады, қазан айында қарттарға көмек беру мақсатында «Тимурлық топ» жұмысы ұйымдастырылды.

Республикалық "Мектепке жол" акция аясында ауылымыздағы "KazBeaf LTD" ЖШС білім күні көпбалалы және толық емес отбасы балаларына өз қамқорлықтарын танытты. 9 оқушыға жалпы соммасы 120 мың теңге көлемінде ақшалай демеушілік жасады. Ата-аналар мен мектеп ұжымы ризашылығымызды жеткізе отырып, ЖШС басқармасына толағай табыстар тілейміз.

Показать перевод



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=398486901622890&id=100043847510070&sfnsn=mo](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=398486901622890&id=100043847510070&sfnsn=mo)

Биылғы оқу жылы мектепте дебат клубы және «Оқырман мектеп» жобасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, клуб мүшелері Қайруллина А., Капаров Н. аудандық сайыста I орын иеленіп, облыстық турға қатысты. Оқушыларымыз сондай-ақ, спорттық сайымтардан да жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=414031193401794&id=100043847510070](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=414031193401794&id=100043847510070)

I ж/ж мектепте көптеген іс-шаралар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған болды.

**Исмаилова М.К.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы, Жаңа Жыл мерекесіне ауылдағы «Каз БифЛТД» ЖШС, «Сайлаубаев» ЖШС балаларға тәтті сыйлықтар тарту етті. Сол сыйлықтар барлық оқушыларға таратылады. Кеңес мүшелері арасынан меркелік іс-шараға қатысуға шақырамыз.

**Сердалина А.К.** – қамқоршылық кеңесінің мүшесі, оқушылардың «КОВИД» ауруына қарсы вакцина алуы туралы сөз қозғады. Вакцина алу оқушылар арасында қалай жүріп жатқанын сұрап, ол ата-аналар мен оқушылардың өз қалаулары бойынша жүргізіліп жатыр ма деп сұрады. Кеңес мүшесінің сұрағына директор Рамазанова С.Т. жауап берді, бүгінгі күні мектеп бойынша 3 оқушы вакцина қабылдады, олар өз еріктерімен және ата-аналары толық дәрігерлік ақпаратпен танысып, еріктерімен өздері аудандық емханаға апарды.

Шешімі:

- I ж/ж атқарылған жұмыстар оқу жылы барысында жалғастырылсын;
- Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес Мамай а.НОМ құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.

Кеңес төрайымы:  М.Исмаилова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Мамай ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі отырысының №3 хаттамасы

Күні: 14 мамыр 2022 жыл

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 о.ж. ІІ ж/ж атқарылған жұмыстар есебі
2. 2021-2022 о.ж. қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс есебі
3. Оқушылардың жазғы демалысы
4. Әр түрлі

Тыңдалды: **Рамазанова С.Т.** – оқу жылының ІІ ж/ж атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оқушылардың қауіпсіздігі бойынша, А.Байтұрсыновтың 150 жылдығы, Р.Бағланованың 100 жылдығы бойынша іс-шаралар өткізілді. Наурыз мерекелері жоғары деңгейде ұйымдастырылды. 1 мамыр ҚР халықтарының бірлігі күніне, Отан қорғаушылар күніне және 9 мамыр мерекелеріне іс-шаралар өткізілді. ІІ ж/ж Жаппай Қамту Қоры есебінен тегін тамақтануға 1 өтініш қабылданды, ол 4-сынып оқушысы Жырғаухан М. Атаанасы Хаштай Нұргүлден. ІІ ж/ж жұмыс істемегендіктен, өтініш берді. Өтініші қабылданып, бүгінгі күні оқушы тегін ыстық тамақпен тамақтануда. Мектепалды тобында 2 оқушы, мектепке дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілуде.

**Исманлова М.К.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы жылдық есепті баяндады. Оқу жылының басында мектепте 28 оқушы болған, 1 оқушы атаанасының мекен-жайын ауыстыруына байланысты кетті, бүгінгі күні 27 оқушы. Оқу сапасы 57 пайызды құрайды. Жыл Бойы жоспарланған іс-шаралар өткізілді. Мектеп бойынша және ауданда құқық бұзушылық бойынша тіркеуде тұрған оқушылар жоқ, ата-насының қамқорлығысыз қалағн, жетім оқушылар жоқ, бірақ жетім 1 оқушы 2021 жылы 9-сынып аяқтап, Қатаркөл а. Ауыл шаруашылық колледжінің «Ветеренария» факультетінде оқуын жалғастыруда. Мектепте медиациялық топ құрылған және өзін-өзі басқару тобы жұмыс істейді. Олардың жетекшісі аға тәлімгер Нұржанова Д.М. Педагог қызметкерлердің 50 пайызы жас мамандар, оларға жұмыс барысында тәжірибе алмасу бойынша жұмыс жүргізіледі.

**Рамазанова С.Т.** – оқушылардың жазғы демалысында жоспарланып отырған іс-шараларға тоқталды. 26 мамыр – 17 маусым 2022 ж. аралығында «Жазғы мектеп» жұмыс істейді, «Айгөлек» ойын алаңы 1 маусым – 30 шілде 2022 ж. жұмыс істейді. Барлық оқушылардың бір күндік табиғатқа саяхаты жоспарланды.

Шешімі:

- Оқушылардың жазғы демалыс іс-шараларының жоспары бекітілсін,
- Жаз айларында балалардың қауіпсіздігі басты назарда болсын;

Кеңес төрайымы:  М.Исманлова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Мамай ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Күні: 12 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар: 9 адам

Күн тәртібі:

1. Жаз айларында атқарылған жұмыстардың есебі
2. Мектеп қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту;
3. Білім беру жүйесінде қамқоршылық кеңестерді құру бойынша нормативтік құқықтық базаның ережелері, мектеп жарғысымен таныстыру.
4. 2022-2023 о.ж. қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын

бекіту

5. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы, Жаппай Біліммен Қамту сұрақтары

Тыңдалды: **Рамазанова С.Т.** – мектеп директоры, оқушылардың жазғы демалысында өткізілген жұмыстар туралы тоқталды. 2-8 сыныптар үшін оқу жылында жіберілген оқшылықтарды жою және білім сапасын көтеру мақсатында 26 мамыр - 17 маусым 2022 жыл аралығында «Жазғы мектеп» жұмыс істеді, онда 24 оқушы қамтылды. Қосымша сабақтар жүргізілді. Сондай-ақ, 5-8 сыныптармен /11 оқушы/ мектеп маңын көгалдандыру мақсатында жасылдандыру бригадасы ұйымдастырылды, оқушылар гүлдерді суарып, күтті. Бастауыш сынып оқушыларымен /15 оқушы/ «Айгөлек» ойын алаңы үш ауысымда жұмыс істеді. Кішкентай бүлдіршіндер ойын ойнап, табиғатқа саяхатқа шығып тұрды. Сондай-ақ, мектеп жанында футбол алаңы жұмыс істеді, жетекшісі Амантай Б. оқушылармен футбол ойынын ұйымдастырды.

Рамазанова С.Т. қамқоршылық кеңесінің төрайымы мекен-жайын ауыстыру себебіне байланысты, кеңес төрайымын сайлау керектігін кеңес құрамын сайлау керектігін айтты. Исмаилова М.К. қамқоршылық кеңес төрайымы ретінде «Ерлан» ЖШС басшысы Нуржанова К.Т. кеңес төрайымы ретінде сайлауды ұсынды. Кеңес мүшелері толық қолдады. Сондай-ақ, кеңес мүшесі ретінде келесі мүшелері құрамында қалды: Хибай Л., Рамазанова Б.А., Оспанова Р.С., Ахметкалиев А.С., Кожахметова А.К., Туkenова А.С.

**Исмаилова М.К.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелерін «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
5. Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту.
6. ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру.
7. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
8. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Кеңестің 2021-2022 о.ж. арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Онда жыл бойынша 5 отырыс жоспарланған. Сондай-ақ, мерекелік іс-шараларға Жаңа Жыл, 8 Наурыз, Наурыз мерекелеріне қатысу жоспарланғанын айтты. Кеңес мүшелері жоспармен танысып, бекітуге ұсынды.

**Қуат Т.** –тәрбие ісінің меңгерушісі, Жаппай Біліммен Қамту сұрақтарына тоқталды. Мектеп бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін 5 санатты категорияға жататын 3 оқушы бар, көп балалы отбасынан 6 оқушы, барлық оқушылар мектеп асханасында бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған. Биылғы оқу жылы 1-сыныпқа 2 оқушы қабылданды, оқушылардың тамақтануына «Ерлан» ЖШС демеушілік көмек көрсетеді. Олармен мектеп арасында меморандум жасалды, «Ерлан» ЖШС азық-түліктей көмек көрсетті, атап өтсек, ұн – 50 кг, өсімдік майы – 5 л.

Шешімі:

- Мамай а.НОМ қамқоршылық кеңесінің құрамы қайта құрылсын. Кеңес төрайымы ретінде Нуржанова К.Т., кеңес мүшелері ретінде Хибай Л.;Нисмельдинова А.Б., Оспанова Р.С., Ахметкалиев А.С., Кожахметова А.К.,Тукенова А.С. бекітілсін;
- 2022-2023 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін;
- Оқушылардың тамақтануы басты назарда ұсталсын;

Кеңес төрайымы:  М.Исмаилова

Хатшы:  Е.Хойчбай

Мамай ауылының негізгі орта мектебі

Қамқоршылық кеңесі кезектен тыс отырысының хаттамасы №2

Күні: 22 мамыр 2023 жыл Қатысқандар: 9 адам

Күн тәртібі:

- Оқушылардың жазғы демалысы, жазғы сауықтандыру лагеріне оқушыларды жолдау туралы

Тындалды:

**Рамазанова С.Т.** – мектеп директоры, оқушылардың жазғы демалысында өткізілген жұмыстар туралы тоқталды.

Рамазанова С.Т. жазғы сауықтандыру лагеріне дем алуа келесі оқушылар туралы мәлімет берді. Абенов Рауан – 7 сынып оқушысы. 1 – 4 сыныптарда оқу үздігі, 5-ші сыныптан оқу екпіндісі. Рауан сабаққа әрдайым белсенді қатысады және себепсіз сабағын босатпайды. Оның сабаққа деген ынтасы жоғары. Кез-келген тапсырмаларды тез меңгеріп, шебер орындайды. Рауан сыныптан тыс жұмыстарға ат салыса қатысып, үйірмелерде, сабақтан тыс іс-шараларда, қоғамдық жұмыстарда еңбекқорлығымен көзге түсе біледі, үстел теннисі және домбыра үйірмесіне белсене қатысады. Сүйіп оқитын пәні – орыс тілі. Орыс тілі пәнінен «Русский медвежонок – языкознание для всех» халықаралық конкурсында жүлделі I орын дипломымен марапатталған.

Капаров Нұрсат – 8 сынып оқушысы, оқу екпіндісі. Нұрсат спортпен айналысқанды жақсы көреді. Ол дене шынықтыру сабағының барлық секцияларына белсене қатысады, аудандық «Бес асық» турнирінде III орын дипломымен, «Үстел теннисі» сайысында белсене қатысқаны үшін мақтамамен марапатталды. Сүйіп оқитын пәні – информатика, ағымдағы оқу жылында Код сағаты Республикалық семинарына қатысқаны үшін, сертификатпен марапатталды.

Ермұрат Әбдінұр – 5 сынып оқушысы, 1-ші сыныптан оқу үздігі, көп балалы отбасынан. Әбдінұр сабаққа әрдайым белсенді қатысады және себепсіз сабағын босатпайды. Оның сабаққа деген ынтасы жоғары. Кез-келген тапсырмаларды тез меңгеріп, шебер орындайды. Ол дене шынықтыру сабағының барлық секцияларына белсене қатысады, аудандық «Бес асық», «Үстел теннисі» сайысында белсене қатысқаны үшін мақтамамен марапатталды.

**Нуржанова К.Т.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы оқушылардың жазғы демалысы туралы сөз сөйледі. Өз сөзінде жоғарыда аталған оқушыларды аудандық білім бөлімі тарапынан бөлінетін, жазғы сауықтандыру лагеріне дем алуға баруларын ұсынды, кеңес мүшелері бірауздан қолдады.

Шешімі:

-Мамай а. негізгі орта мектебінің 7-сынып оқушысы Абенов Рауан және 8-сынып оқушысы Капаров Нұрсат, 5-сынып оқушысы көп балалы отбасынан Ермұрат Әбдінұр жазғы сауықтандыру лагеріне баруға ұсынылсын;

Кеңес төрайымы:  К.Нуржанова Хатшы:  Е.Хойчбай

Мамай ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі кезектен тыс отырысының хаттамасы №3

Күні: 1 маусым 2023 жыл

Қатысқандар: 7 адам

Күн тәртібі:

- Жазғы сауықтандыру лагеріне оқушыларды жолдау туралы

Тыңдалды:

**Рамазанова С.Т.** – мектеп директоры, жазғы сауықтандыру лагеріне дем алуа келесі оқушы туралы мәлімет берді. Ермұрат Әбдінұр – 5 сынып оқушысы, 1-ші сыныптан оқу үздігі, көп балалы отбасынан. Әбдінұр сабаққа әрдайым белсенді қатысады және себепсіз сабағын босатпайды. Оның сабаққа деген ынтасы жоғары. Кез-келген тапсырмаларды тез меңгеріп, шебер орындайды. Ол дене шынықтыру сабағының барлық секцияларына белсене қатысады, аудандық «Бес асық», «Үстел теннисі» сайысында белсене қатысқаны үшін мақтамамен марапатталды.

**Нуржанова К.Т.** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы жоғарыда аталған оқушыны аудандық білім бөлімі тарапынан бөлінетін, жазғы сауықтандыру лагеріне дем алуға баруларын ұсынды, кеңес мүшелері бірауздан қолдады.

Шешімі:

-Мамай а. негізгі орта мектебінің 5-сынып оқушысы Ермұрат Әбдінұр жазғы сауықтандыру лагеріне баруға ұсынылсын;

Кеңес төрайымы:  К.Нуржанова

Хатшы:  Е.Хойчбай



Мамаі ауылының негізгі орта мектебі  
Қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Күні: 11 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: 6 адам

Күн тәртібі:

1. Қ.Р Білім және ғылым министірлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2027 жылғы № 355 Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу;
  2. Мектеп қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, мүшелеріне атқаратын қызметтерді бекіту;
  3. Өткен 2022-2023 оқу жылындағы “Қамқоршылық кеңесінің” атқарылған жұмысына есеп беру, жаңа 2023-2024 о.ж. қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын бекіту;
  4. Барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектептің жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы;
  5. «Мектепке жол» акциясының барысы туралы ақпарат. Акция барысында көрсетілген қайырымдылық туралы есеп;  
Тыңдалды: **Рамазанова С.Т.** – Қ.Р Білім және ғылым министірлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06.2027 жылғы № 355 Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерімен таныстырды. Кеңес мүшелері типтік ережелермен танысып, зерделеді. Қамқоршылық кеңесінің құрамы өткен жылдағыдай өзгеріссіз қалуына бір ауыздан отырысқа қатысушылар келісті. Кеңес мүшелері арасында жаңа оқу жылында атқарылатын жұмыстарға жауаптылар бекітілді.  
**Нұржанова К.Т** – қамқоршылық кеңесінің төрайымы, кеңес мүшелерін «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережемен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.
1. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.
  2. Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.
  3. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.
  4. Мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.
  5. Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру.
  6. Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.
- Отырысқа қатысушылар кеңестің 2023-2024 о.ж. арналған жұмыс жоспарымен танысты. Онда жыл бойынша 4 отырыс жоспарланған. Сондай-ақ, мерекелік іс-шараларға Жаңа Жыл, 8 Наурыз, Наурыз мерекелеріне

қатысу жоспарланғанын айтты. Кеңес мүшелері жоспармен танысып, бекітуге ұсынды.

Қуат Т. –тәрбие ісінің меңгерушісі, 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жылдық оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарымен таныстырып, оқушылардың санитарлық нормалары басты назарда екенін айтты.

Шешімі:

- 2023-2024 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін;
- Оқушылардың санитарлық нормалары басты назарда ұсталсын;

Кеңес төрайымы:  Нұржанова К.Т.

Хатшы:  Е.Хойчбай